

Шығыс Қазақстан аумағына депортацияланған халықтар арнайы қоныс режимі жағдайында

Гүлмира А. Жанқадамова¹, Раушан Д. Ахметова^{2*},
Гульнур А. Абенова³

Шәкәрім атындағы университет, Семей, Қазақстан

* Corresponding author: r.d.akhmetova@mail.ru

¹ <https://orcid.org/0000-0003-3915-2303>

² <https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>

³ <https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-138-152>

Аңдатпа. XX ғасырдың 40-жылдарындағы КСРО халықтарын күштеп қоныс аударту мәселелерін неміс және шешен халықтарының мысалында зерттеу, олардың Шығыс Қазақстан аумағындағы арнайы қоныстану орындарында тұруы, депортацияланған халықтардың құқықтық жағдайы қазіргі таңдағы өзекті тарихи мәселелердің бірі болып табылады. Мақаланың мақсаты – соғыс кезінде және соғыстан кейінгі уақытта Қазақстанның шығыс аймағына депортацияланған халықтардың арнайы қоныс жағдайында тұру процесін айқындап ашу. Арнайы қоныс аударылғандардың қоныстану және тұру жағдайларына, олардың материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етілу проблемасына ерекше назар аударылды. Соғыс уақытында мемлекет мобильді және арзан жұмыс күші ретінде пайдаланған тұтқындар құқығында болған арнайы қоныс аударылғандардан «еңбек армиясын» құру мәселесі де қарастырылды. Арнайы қоныс аударылғандарға қатысты адам құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуына талдау жасалынды.

Дереккөз ретінде авторлар Абай облысының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының (бұдан әрі ҚЗТҚО) мұрағат қорларын және Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатының (бұдан әрі ШҚОММ) құжаттарын зерттеді, бұл арнайы қоныс жүйесі жағдайында депортацияланған халықтардың өмірін зерттеу аспектілерін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: депортация; қуғын-сүргін; немістер; шешендер; арнайы қоныс аударылғандар; жұмылдыру; еңбек армиясы; арнайы қоныс.

Received 29.04.2023. Revised 31.05.2023. Accepted 01.06.2023. Available online 30.09.2023.

For citation:

Zhankadamova G.A., Akhmetova R.D., Abenova G.A. Deported peoples of East Kazakhstan under the conditions of the special settlement regime// Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences.Philosophy.Religion Series. 2023. – Vol. 144. – No. 3. – P. 138-152. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-144-3-138-152

Для цитирования:

Жанқадамова Г.А., Ахметова Р.Д., Абенова Г.А. Депортированные народы Восточного Казахстана в условиях режима спецпоселения //Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 144. – № 3. – С. 138-152. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-144-3-138-152

Кіріспе

Депортация КСРО-дағы жаппай қуғын-сүргін түрлерінің бірі, кеңестік демографиялық және ұлттық саясаттың өзіндік құралы болды. Күштеп қоныс аударту «жаулар» немесе «сатқындар» деп жариялаған және этникалық аумақтарынан мәжбүрлеп шығарылған әртүрлі этникалық топтағы адамдарға қатысты мемлекеттің репрессиялық саясатымен қиындатылған халықтарды күштеп араластыру тәжірибесі еді. Бұрынғы Кеңес Одағының барлық өңірлерінен халықтарды Қазақстан аумағына депортациялау ел тарихының қайғылы беттерінің бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан аумағына депортация кезеңінде қоныс аударылғандардың саны, олардың әлеуметтік-тұрмыстық орналасуы және жаңа қоныстану орындарына бейімделуі туралы мәліметтері жинақталған Абай облысының қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының (ҚЗТҚО) және Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатының (ШҚОММ) материалдары пайдаланылды. Дереккөз ретінде ресми шыққан құжаттар келтірілген, олардың арасында Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві басып шығарған «Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.)» (Из истории немцев, 2000), «Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг.» (Из истории депортаций, 2019) құжаттар жинағында жарияланған Кеңес мемлекетінің нормативтік-құқықтық актілерін атап өтуге болады.

Зерттеудің әдіснамалық базасының негізін нақты тарихи, салыстырмалы тарихи талдаудың, ақпаратты іздеу мен талдаудың жалпы ғылыми әдістері мен логикалық және статистикалық әдістері құрайды. Мақала тарихилық, кешенділік, ғылыми сараптаманың жүйелілігі, қарастырылып отырған оқиғаларға объективті көзқарас принциптеріне негізделген.

Талқылау

Кеңес Одағындағы халықтарды депортациялау, соның ішінде күштеп қоныс аударту, «еңбек армиясына» жұмылдыру,

арнайы қоныстану жағдайында өмір сүру – қазіргі тарихнамадағы өзекті мәселелердің бірі.

Депортация проблемасына жалпы көзқарас П.М. Полянный жұмысында ұсынылған, ол саяси қуғын-сүргін нысаны ретінде депортацияның бірқатар ерекшеліктерін атап өтті (Поляный, 2001).

Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңестік немістердің мәжбүрлі еңбегін пайдалану мәселелерін А.А. Герман, А.Н. Курочкин (Герман, Курочкин, 1998) өз еңбектерінде қамтыған, сонымен қатар еңбек армиясы туралы ақпарат «Ресей немістерінің тарихы» электронды ресурсында қамтылған (История российских немцев, URL). 1940-1950 жылдардың басында арнайы қоныстанушылардың санын, аумақтық орналасуын, арнайы қоныстану режимінің ерекшеліктерін, арнайы қоныстанушылардың еңбегін пайдалануды Н.Н. Аблажей зерттеген (Аблажей, 2014). Л.Я. Арапханова арнайы қоныс режимін зерттеудің тарихи көзі ретінде қоныс аударылғандардың жеке істерін қарастырған (Арапханова, 2022). 1940 жылдардың екінші жартысындағы депортацияланған шешендердің құқықтық жағдайын, арнайы қонысты ұйымдастыру режимін және оның депортацияланғандардың бейімделу мүмкіндіктеріне әсерін З.С. Исакиева (Исакиева, 2016) зерттеген.

Неміс этносын депортациялау мәселесін және оның Шығыс Қазақстан мысалында арнайы қоныстану режиміндегі жағдайын Л.А. Бургарт тыңғылықты зерттеді (Бургарт, 1997). Кеңестік заманда Отанға опасыздық жасады, тыңшылық жасады және жаудың жағына өтті деп айыпталған адамдарға қарсы саяси қуғын-сүргінді А.С. Жанбосинова да өз еңбектерінде қарастырды (Жанбосинова, 2020).

Депортацияланған неміс әйелдерінің тағдырын Қазақстан Республикасының жабық мұрағат қорларының материалдары негізінде зерттеу, сондай-ақ сол оқиғалардың куәгерлерінің естеліктерін жазу Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы қарашадағы Жарлығымен құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның

мүшесі ретінде А.А. Әубәкіровтың жұмысының нәтижелерінің бірі болып табылады. (Аубакиров, 2022а; Аубакиров, 2022б).

Шығыс Қазақстан аумағында этникалық топтардың пайда болуының алғышарттары мен себептерін, олардың қоныстануын, кеңестік және Тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық және мәдени даму ерекшеліктерін Б.Ж.Атантаева, Т.А.Камалджановалар да қарастырды (Атантаева, Камалджанова, 2014).

Шығыс Қазақстан аумағына шешендерді депортациялау ерекшеліктері Л.П.Рифельдің (Рифель, 2014), А.Т. Қазбекованың (Казбекова, 2020; Казбекова, 2016) мақалаларында зерделінді.

XX ғасырдағы поляк және неміс диаспораларының саны, қоныстануы, олардың Шығыс Қазақстан аумағындағы әлеуметтік-демографиялық жағдайы Кеңес мемлекетінің депортациялық саясатының нәтижесінде ресейлік және қазақстандық архивтер құжаттары негізінде А.М. Мамырбеков тынғылықты зерттеді (Мамырбеков, 2015).

Нәтиже

КСРО-ға халықтарды депортациялау арнайы қоныс аударылғандардың құқықтарын жаппай бұзумен қатар жүрді. Тарихи отанынан қуылған этностар репрессиялық саясаттың қиындықтарын өткерді. Атап айтқанда, бас бостандығынан айыру, тұрақты тұрғылықты жерінен көшіріп жіберу, жер аударту, арнайы қонысқа жіберу, бас бостандығын шектеу жағдайында мәжбүрлі еңбекке тарту, құқықтары мен бостандықтарынан айыру және шектеу, халықтарды ұлттық белгісі бойынша мемлекет үшін «қауіпті» деп анықтау түріндегі саяси себептер бойынша мемлекет қолданатын мәжбүрлеудің түрлі шаралары.

Зерттеуші П.Полян 1930 жылдардың аяғы мен 1940 жылдардағы айрықша белгілерінің бірі жазалау функциясы болған мәжбүрлі көші-қонды зерттей отырып, Кеңес мемлекетінің этникалық критерий бойынша репрессияға бейім екеніндігін атап өтті. Мысал ретінде ол жазасы

депортация болған «жазаланған» деп аталатын халықтарды келтірді. Бұл этностар өздерінің тарихи отанынан ғана емес, бүкіл елдің аумағынан қуылды, сонымен қатар армиядан босатылды, мұндай қуғын-сүргін жаппай депортация деп аталды. Тарих беттері көрсеткендей Кеңес Одағында он халық жаппай депортацияға ұшырады, олардың жетеуі ұлттық автономия түрінде мемлекеттілігінен айырылды (Полян, 2001: 47).

Жаппай қоныс аударылғандардың едәуір бөлігін немістер құрады. 1941 жылғы 9 қыркүйектегі немістердің Қазақстанға қоныс аударуы туралы анықтама деректеріне сәйкес Қазақстан территориясы немістерді депортациялау үшін негізгі аумақ болып белгіленді. Қоныстандыру үшін 10 облыс тағайындалып, оның ішінде Поволжье немістерінің автономиялық республикасынан Шығыс Қазақстан облысына 17000 адам және Семей облысына 18 000 адам, Грузия, Әзірбайжан және Армян КСР-нен сәйкесінше 2000 және 5000 адам көшірілді. 1942 жылғы 18 қаңтарға берілген Қазақстанда қоныстанған немістер туралы анықтамада осы уақытқа дейін Қазақстанға 388 899 адамнан тұратын 163 эшелон келгені атап өтілген. Оның ішінде 16 адам қашып кеткен болса, 1383 адам түрлі себептермен жолда қалған. 1942 жылғы 18 ақпанға берілген анықтама деректері бойынша барлығы 387 542 адам келді (Аубакиров, 2022а: 97).

1939 жылғы санақ бойынша арнайы қоныс аударылғандардың қатарына 90 мыңға жуық қазақстандық немістер кірді (Из истории депортаций, 2019: 28).

Жоспар бойынша барлық қоныс аударушылар ауылдық жерлерге жіберілді, партиялық және кеңестік органдар шаруашылық және тұрмыстық жайластыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруы керек болатын. Жаңа қоныс аударатын колхоздар мен совхоздар құру, немістерді бұрыннан бар колхоздар мен совхоздарға орналастыру, жаңа үйлер салу, тұрғын үй-жайларды жөндеу және т. б. іс-шаралар ескерілді.

Мемлекет 1943-1944 жылдардағы жаппай қоныс аударуды жаудың көмекшілеріне қарсы күрес деп түсіндірді.

ҚазКСР ПМ-нің есептік мәліметтері бойынша КСРО Үкіметінің шешімдеріне сәйкес республикаға 1943 жылдың күзінде қарашай ұлт өкілдері (11 711 отбасы, оның ішінде 45 529 адам); 1944 жылдың көктемінде шешендер мен ингуштар (9 901 отбасысы, оның ішінде 405 192 адам), балқарлар (4660 отбасысы, оның ішінде 21 150 адам) қалмақтар (648 отбасы, оның ішінде 2336 адам); Қырымнан арнайы қоныс аударылғандар (1268 отбасы, оның ішінде 4376 адам) жөнелтілді (Из истории депортаций, 2019: 30). 1944 жылы 20 маусымда Семей облысына 8071 шешен отбасысы немесе 30575 адам келді (Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (бұдан әрі ҚЗТҚО). 807-қ.. 1-т. 27-іс. 16-п.). Негізінен шешендер облыстың 8 ауданына қоныстанды, ең көбі Бородулиха (2193 отбасы, 8323 адам) және Жарма (1296 отбасы, 5110 адам) аудандарына көшірілді (ҚЗТҚО. 807 қ.. 1 т.. 20 іс. 7 п.).

1944 жылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша Шығыс Қазақстан облысында қоныс аударылған 29238 адамнан тұратын 6906 шешен отбасы болды. ШҚО аумағына келген шешендер облыстың 8 ауданына орналастырылды. Арнайы қоныс аударылған шешендердің ең көп шоғырлануы Лениногорск (2481 отбасы, 10987 адам) және Киров қалаларында, Аблакетка (1587 отбасы, 6542 адам) ауданында байқалды. Бұндай шоғырлану аталмыш аудандарда жұмыс күшіне аса мұқтаж өнеркәсіп кәсіпорындары болуымен байланыстырылды (Казбекова, 2016: 54-55).

Зерттеуші Н.Н. Аблажейдің пікірінше, әрбір депортация науқаны арнайы қоныс аударушыларды шаруашылық және тұрмыстық тұрғыдан қамтамасыз етудің бірқатар шаралармен қатар жүргеннің өзінде арнайы қоныс режимінің бірінші жылы олар үшін ең қиын жыл болды. Қоныс аударылғандарға кеткен шығындар ішінара тәркіленгендердің есебінен жабылды, олардың мүлкі, соның ішінде азық-түліктің бір бөлігі арнайы қоныстанушылар арасында тегін таратылса, қалғаны оларға қолма-қол ақшамен сатылды. Қоныстану орындарында қайта-қайта пайда болатын азық-түлікпен қамтамасыз етудегі

кемшіліктер гуманитарлық дағдарысты, тіпті арнайы қоныстанушылар арасында аштықты тудырды (Аблажей, 2014: 38).

Облыс аумағына жер аударылғандар санының артуы ауқымды проблемалардың тұтас кешенін тудырды, олардың көпшілігі шұғыл шешім қабылдауды талап етті. Арнайы қоныс аударушылардың Қазақстанға келген алғашқы күндерінен бастап ең өткірі азық-түлік және тұрғын үй мәселесі болды.

Арнайы қоныс аударылғандардың азық-түлік қоры келмей жатып жол-жөнекей таусылғаны былай тұрсын билік тарапынан жергілікті жерлерде ашыққан адамдарға азықпен қамтамасыз ету әрекеттері мүлдем жасалмады. Көптеген колхоздар мен совхоздарда азық-түлік қоры мардымсыз жағдайда, кейбіреуінде жоқтың қасы еді. Қамбаларды азық-түлікке толтыру мақсатында жүзеге асырылған шұғыл операция Арнайы қорды толықтыра алмады, ашық тонау мен жасыру фактілері орыналып, діттеген жеріне жетпей де жатты. Деректерге сүйенсек, «...ауылды жерлерге қоныс тебу, не темір жол станцияларындағы түсіру пункттерінде арнайы қоныс аударушыларды тамақтандыру және тамақтандыруды ұйымдастыру өте нашар болды» (Атантаева, Камалджанова, 2014: 86).

Мысалы, Шемонаиха ауданындағы арнайы қоныс аударылғандар тобынан, нақтысы Буденный атындағы колхоздың 8 адамынан аудандық арнайы комендатураға өтініш келіп түсті, онда жағдайдың өте ауыр екендігін және оларға 100 грамм ұн мен 50 грамм жарма берілгені туралы жазады (ШҚОММ. 1 қ. 1 т. 2750 іс. 4 п.).

Аблакетка ауылына арнайы қоныс аударылған шешендердің өмір сүру жағдайларын зерттеу нәтижесі көрсеткендей, «олардың көпшілігінде қышыма, дистрофиямен ауыратыны байқалды. Әсіресе, медициналық көмек мүлдем көрсетілмеген балалардың жағдайы өте ауыр, тамақтануды жақсарту шаралары қолданылмаған, тәулігіне 300 грамм нан беруді қоспағанда тамақ беру арасы тым ұзақ, үлкен үзілістермен беріледі. 6 жастар Кудалиев Салманның айтысына қарағанда әкесі Қызыл Әскер қатарында-мыс, 2 ай

көлемінде іріні теріге деңдеп, асқынған қышымамен ауырған. Ал жалғыз 10 жастар Абдурзаков Хозанда ауыр формадағы дистрофияның 3 дәрежесі анықталып, қозғалып тұру мүмкіндігі жоқ еді. Бірнеше күннің шамасында азық-түлікті, тіпті нанды да алып отырған жоқ... 1944 жылы Аблакеткада шешен ұлтынан дистрофиядан 233, іш сүзегінен 11, басқа аурулардан 98 бала қайтыс болды. Лениногорскінің өзінен ғана бөртпе сүзектен 14, дистрофиядан 64 адам, 1944 жылдың наурыз бен маусым аралығында 307 адам қайтыс болды» (Рифель, 2014: 421-422).

Арнайы қоныстану жағдайында өмір сүру қиын болғаны соншалық кейде арнайы қоныс аударылғандар туыстарын аштықтан құтқару үшін ұрлық сияқты қылмыстарға баруға мәжбүр болды. Отбасында бір жастан 15 жасқа дейінгі бес баласы бар тракторшы Ф.И. Биркерт сепкіш бірнеше килограмм астық алып, жерге көміп, үйіне жеткізіп отырған. Жедел іздеу-қудалау шаралары ұйымдастырылып, үш жылға түзеу колониясына кете барды (Аубакиров, 2022б: 19).

Соғыс уақытында арнайы қоныс аударылғандарды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі күрделі болды, сонымен қатар бұл жағдай аудандық ұйымдар мен колхоздар, совхоздар мен кәсіпорындар басшыларының теріс пиғылдарымен шиеленісетүсті. Мұрағаттық құжаттар арнайы қоныс аударылғандарға бөлінген өнімдер мен киімдер көбінесе заңсыз жұмсалғанын дәлелдеп отыр. Семей облыстық прокурорына берілген хабарламада Аягөз ауданында 5 325 тонна ұнды, 170 метр мақта, 17 мақта костюм, 14 килограмм шеге және 170 шаршы метр орман көлемінде мақсатсыз пайдалану туралы баяндалады. Мұндай фактілер басқа аудандарда да тіркелді. Үржар ауданы бойынша 910 килограмм жарма, 41 метр мануфактура, 1600 килограмм ұн, ал Көкпекті ауданы бойынша 10 мақта фуфайка, 30 гимнастерка және III Интернационал колхозының төрағасы алған және колхозшылардың қоғамдық тамақтануы үшін пайдаланылған 6 центнер ұн мақсатсыз пайдаланылды (ҚЗТҚО. 807 қ. 1 т. 14 іс. 6 п.).

Дәл осындай жағдай Шығыс Қазақстан облысында да орын алды. «...Халық Комиссарлары Кеңесінің және КП(б)К ОК-нің арнайы қоныс аударылғандарға бөлінген қаражатты басқа мақсаттарға жұмсауға тыйым салуына қарамастан, олар ысырап етуді жалғастырған... Шығыс Қазақстан облысы бойынша 34 центнер азық-түлік астығы заңсыз жұмсалды. Астық, ұн, жарма және басқа да өнімдерді жергілікті билік өз керектеріне жаратқан немесе аудан орталықтарының жұмысшылары мен қызметкерлеріне берген» (Бургарт, 1997: 78).

Арнайы қоныс аударылғандардың жаңа ортаға бейімделуі өте қиын болды. Оның себебі тек әлеуметтік және тұрмыстық жағдайында ғана емес еді. Ресми үгіт-насихат оларға жаудың бейнесін сомдатып берді. Арнайы қоныс аударылғандарға Отанға опасыздық жасаушылар ретінде қарады, жергілікті тұрғындардың алғашқы көзқарасы, олармен қарым-қатынасы осылай өрбіді.

Мұрағат материалдарында арнайы қоныс аударылған шешендерге қатысты мынадай фактілер келтіріледі: «1945 жылы халық пен арнайы қоныс аударылғандар арасында бұқаралық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін халықтың көзқарасы едәуір жақсарды және қазір колхоздар мен совхоздардың еңбек процестеріне қосылғаннан кейін халық арасындағы қарым-қатынас қалыпты жағдайға айналды. Дегенмен, кейбір жауапты жұмысшылардың терең шовинистік және мазақ ету көзқарасы әлі де баршылық. Мысалы, Үржар ауданындағы «Тас бұлақ» совхозында «Красный дозор» колхозынан бұқа ұрлады деген күдікпен екі арнайы қоныс аударылған адам соққыға жығылды. Бұл факт туралы облыстық бөлімнің инспекторы Хаджиев хабар берді. Аудандық ұйымдар бұл фактілер туралы білмей қалуы мүмкін емес еді, олардың арнайы қоныс аударылғандарға деген көзқарасын анық байқап, тіл қатпауының себебін көруге болады. Бородулиха ауданы Киров атындағы колхозда Бородин колхозының төрағасы қаңтар-мамыр айларында бір мезгілде азық-түлік көмегін алып отырса да арнайы қоныс аударылғандардың азып-

тозуына жол беріп, адам шығынына әкелді (ҚЗТҚО. 807 қ. 1 т. 20 іс. 95 п.).

Арнайы контингенттің жағдайы кәсіпорындар, колхоздар басшыларының көзқарасымен ұшығып кетті. «Зырян кен басқармасында арнайы қоныс аударушыларды жұмысқа пайдалану мәселесіне деген қалыптан тыс жағдай соңғы уақытқа дейін жалғасуда. Жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты Орман кен басқармасы директорының өкіміне сәйкес ең бірінші кезекте арнайы қоныс аударушылар штаттан қысқартылды. 1945 жылдың қыркүйегі мен 1946 жылдың қаңтары аралығында 700 еңбекке жарамды адамның 400-і жұмыстан шығарылды. Жұмыстан шығарылғаннан кейін олардың барлығы отбасыларымен бірге азық-түлікпен қамтамасыз етілмеді, нәтижесінде олар өте қиын жағдайға тап болды. Әскери тұтқындар лагерінің ашылуымен тағы 178 арнайы қоныс аударушылар жұмыстан шығарылды, олар біліктілігі болды және кен басқарудың негізгі цехтарында жұмыс істеді» (Казбекова, 2020: 76).

Арнайы қоныс аударушылардың наразылығын білдіру әрекетінің бір түрі қашу және қоныс аударатын жерлерден өз бетінше шығу болды. Соңғысын Лениногорск пен Предгорныйдың арнайы қоныс аударушылары жиі пайдаланды. Билеттерді сатып алу кезінде құжат қажет болмағандықтан аталған станциялар арасындағы теміржол байланысын кеңінен пайдаланды. Осындай әрекеттері үшін әкімшілік режимді сақтау мақсатында арнайы қоныс аударушыларға айыппұл салынды және қамауға алынды.

«Өте құпия» грифімен белгіленген Жаңа Семей еңбекші депутаттары аудандық кеңесінің атқару Комитетінің төрағасы жолдас Бердичевскийдің атына 08.08.1942 жылы жазылған баяндамада қоныс аударған немістердің бұрынғы тұрғылықты жеріне (майдан алдындағы аумаққа) қашу жағдайлары туралы мәліметтер келтіріледі. Ұсталған кезде олардан қоныстанған жерлерінен бұрынғы тұрғылықты жерлеріне баруға рұқсат беретін поселкелік және ауылдық Кеңестер берген анықтамалар тартып алынды. Сонымен қатар баяндамада қоныс

аударылғандарға бір пункттен екінші пунктке шығуға рұқсат беретін анықтаманы тек қана КСРО ІХК Жұмысшы-шаруа милициясы органдары беретіні атап өтілген болатын. ҚазКСР ХКК-нің 04.08.1942 жылғы №702/с нұсқауы негізінде еңбекшілердің поселкелік және ауылдық Кеңестерінің атқару комитеттеріне қоныс аударушы немістерге облыс шегінен шығуға, сондай-ақ оларды ауданнан ауданға көшіру құқығына, анықтамалар беруге дереу тыйым салу ұйғарылды (ҚЗТҚО. 864 қ. 1 т. 50 іс. 45 п.).

Арнайы қоныс аударушыларға қарсы репрессия соғыс аяқталғаннан кейін де тоқтаған жоқ, олардың жалпы санының 75-тен 85%-на дейін 1949 жылы қайта қуғын-сүргінге ұшырап, лагерьлерге жіберілді, 5-тен 15%-ға дейін қашып кетті, 7-ден 10%-ға дейін режимді бұзғаны және саяси қылмыстары үшін қамауға алынды (Жанбосинова, 2020: 38).

Мұрағаттық мәліметтерден белгілі болғандай, арнайы қоныстанушыларды қоныстандыру және шаруашылық орналастыру процесі кезінде бірқатар күрделі қиындықтар болды: бос тұрғын үйлердің болмауы, азық-түлік ресурстарының шектеулігі, кеңес және партия органдарының, жергілікті халықтың бірқатар басшыларының арнайы қоныс аударушыларға дұрыс қарамауы, сондай-ақ олардың арасында әртүрлі эпидемиялық аурулардың таралуы, әсіресе сүзек және т. б. 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма ауданында 191 неміс қайтыс болды, оның ішінде жұқпалы аурулардан – 116 адам, оның ішінде 45 ересек және 71 бала. Сол ауданда 1944 жылы шешен ұлтының 25 адамы қайтыс болды, оның 16-сы жұқпалы аурулардан, оның ішінде ересектер – 12, балалар – 4.

Медициналық-санитарлық желі халыққа медициналық қызмет көрсетуді, сондай-ақ эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етпеді. Қолданыстағы уақытша эпидемиялық стационарлар бейімделмеген үй-жайларға орналастырылды, кейбір жерлерде жылыту пештері жоқ, қатты және жұмсақ жабдықтар жетіспеді (Атантаева, Камалджанова, 2014: 93).

Арнайы қоныс аударушылардың шаруашылық тұрғыда орналасуының маңызды мәселелерінің бірі жұмысқа орналасу мәселесі болды. Күштеп көшірілген арнайы қоныс аударушылар шаруашылықтың түрлі саласында пайдалануға болатын жұмыс күші болды, сонымен қатар жұмысқа орналасу белгілі бір дәрежеде жер аударылғандардың өздері үшін азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешті. Л.А. Бургарттың есептеулеріне сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының аумағына депортацияланған немістердің құрамында еңбекке қабілетті 12-14 мыңға жуық адам келді, оның ішінде 7383 адам бірінші кезек құрамында келді (2933 мамандығы бар және 4450 мамандығы жоқ). Киров ауданында 1941 жылдың қазан айының басында келген 959 еңбекке жарамды адам, Самара ауданында – 1251 адам, Бұқтырма ауданында – 442 адам, Шемонаиха ауданында – 1058 адам, Күршім ауданында – 913 адам, Зырян ауданында – 879 адам, Верх-Уба ауданында – 637 адам, Большенарым ауданында – 1040 адам есепке алынды. Негізгі бөлігін түрлі мамандықтағы еңбекке қабілетті адамдар болды – агрономдар, есепшілер, токарлар, слесарлар, инженерлер, механиктер және т.б. Арасында жоғары білімі бар мұғалімдер, дәрігерлер, экономистер де болды. Қалыптасқан жағдайда жергілікті өзін-өзі басқару органдары еңбекке қабілетті немістерді ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпке мүмкіндігінше тиімді тарту үшін барлық күш-жігерін жұмсауға және сол арқылы адамдарға өмір сүруі үшін жағдай жасауға міндетті болуға тиіс еді (Бургарт, 1997: 83).

Соғысуақытында еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне тап болған Кеңес үкіметі еңбекке қабілетті халықты өндіріс пен құрылысқа жұмылдыруды белсенді қолдана бастады. Өнеркәсіптегі жұмыстарға және қорғаныс нысандарының құрылысына жұмыс істемеген еңбекке қабілеті бар халықтың барлығы дерлік, сондай-ақ арнайы қоныс аударушылар да тартылды. Көптеген депортацияланған этностардың өкілдері еңбек армиясының құрылымдарына жұмылдырылды,

олардың арасында кеңестік немістер көпшілік топты құрады.

1942 жылдың қаңтар-ақпан айларында 17-50 жас аралығындағы депортацияланған немістердің еңбекке жарамды барлық ер адамдарын ағаш кесуге және теміржол салуға мәжбүрлеп жұмылдыру туралы Қаулылар қабылданды. 1942 жылы ақпанда «жергілікті немістер» деп аталған 17 мен 50 жас аралығындағы ер адамдар да еңбек әскеріне жұмылдырылды.

1942 жылдың қазанынан 1943 жылдың желтоқсанына дейін немістерді жұмылдырудың ең үлкен науқаны ұйымдастырылды. Осы кезеңде еңбек армиясына 15 пен 55 жас аралығындағы неміс еркектері, сондай-ақ жүкті және үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерден басқа 16 мен 45 жас аралығындағы неміс әйелдері көмір және мұнай өнеркәсібі кәсіпорындарында жұмыс істеуге шақырылды. Осы жастан асқан балалар отбасының қалған мүшелеріне, ал олар болмаған жағдайда – жақын туыстарына немесе колхоздарға тәрбиеленуге жіберілді (О работе в трудармии: URL).

Осы жұмылдыру науқаны бойынша «еңбек армиясына» барлығы 123 522 адам жіберілді, оның ішінде 70 780 ер адам және 52 742 әйел адам еді. Жұмылдыру шамамен бір ай бойы жүргізілді. Арнайы қоныс аударылған немістердің арасында еңбекке қабілетті адамдар еңбек армиясына түгелдей жұмылдырылған күннің өзінде әскери комиссариаттар «жұмыс контингентінің тапшылығына» тап болды.. Кейіннен шақырылғандардың арасында ауыр сырқаттары бар адамдар, 2-ші және 3-ші топтағы мүгедектер, жүкті әйелдер, 14 жастағы жасөспірімдер және 55 жастан асқан адамдар да кездесе бастады (История российских немцев: URL).

Көптеген «сенімсіз» ұлттардың өкілдері еңбек армиясына жұмылдырылды. Әлбетте, мұндай жұмылдыруларға ұшыраған еңбек күштерінің негізгі бөлігі кеңестік немістер болды. А.Н. Курочкин мен А.А. Германнның есептеулері бойынша 1941-1945 жылдары КСРО халық шаруашылығының қажеттіліктері үшін 316 мыңнан астам кеңестік немістер жұмылдырылды. Оның ішінде 182 мыңнан

астамы КСРО ІХК нысандарына жіберіліп, түзеу-еңбек лагерлерінің аймақтарында ұсталынса, ал 133 мыңнан астамы басқа халық комиссариаттарының өнеркәсіптік кәсіпорындарына жөнелтілді (Герман, Курочкин, 1998: 67).

1942 жылғы 7 қазандағы қаулыға сәйкес Семей облысының неміс халқы бар Бел-Ағаш, Жаңа-Шұлбі, Жаңа-Семей, Абыралы, Абай, Көкпекті, Ақсуат, Жарма, Шар, Аягөз, Шұбартау, Үржар аудандарында шақыру пункттері анықталды. Неміс халқын еңбек армиясына жұмылдыру үшін есепке алу есеп мақсаттарын жария етпестен жүргізілді. Ер адамдарды жұмылдыруды аяқтау жұмыстары 20-шы қазанға, ал әйел адамдарды 15-ші қарашаға жоспарланған болатын (Из истории немцев, 2000: 125).

Еңбек армиясына жұмылдырылғандар қысқы киіммен, қосымша іш киімімен,

төсек-орын жабдықтары мен азық-түлік қорымен жиналу пунктісіне белгілі бір мерзім ішінде кемінде 10 күнге келуге тиіс болды. Жиналу орнына келмеу немесе жұмыс орнынан қашу қылмыстық жауапкершілікпен жазаланды.

КСРО Ішкі істер халық комиссариатының Қазақстан КП(б)ОК Әскери бөліміне берген анықтамасында депортацияланған немістердің Қазақстан облыстарына қоныстануы, еңбек армиясына жұмылдырылған және жөнелтілгендер саны туралы деректер ұсынылған және төмендегі 1-ші кестеде берілген (Из истории немцев, 2000: 137). 1942 жылдың желтоқсан айында Шығыс Қазақстаннан еңбек армиясына 4163 адам жіберілді, 1943 жылдың қазанына қарай депортацияланғандардың 10 мыңға жуығы жөнелтілді.

Кесте 1. Қазақстанға немістерді көшіру және жұмылдыру туралы

№	Облыс атауы	Қоныс аударғанға дейін немістер саны	Қоныстанған немістер саны	Қазақстанда тұратын барлық немістер саны	Жұмылдырылған және жөнелтілгендердің саны
1	Алматы	3 000	8 840	11 840	1 339
2	Ақмола	10 300	75 418	85 548	11 408
3	Ақтөбе	401	11 632	12 033	-
4	Шығыс – Қазақстан	856	28 499	29 355	4 163
5	Жамбыл	1 150	10 480	11 630	1 500
6	Қарағанды	10 000	20 639	30 639	3 739
7	Қызылорда	215	4 807	5 022	527
8	Қостанай	8 000	53 317	61 317	8 149
9	Павлодар	4 900	51 317	56 217	6 940
10	Солтүстік Қазақстан	17 950	62 473	80 423	11 860
11	Семей	2 500	41 913	44 413	4 597
12	Оңтүстік Қазақстан	1 715	2 4798	26 513	3 473
13	Батыс – Қазақстан	500	-	500	-
14	Гурьев	21	-	21	-
		61 338	39 4133	455 471	57 695

Жұмылдырылған немістердің негізгі бөлігі, тек ерлері ғана емес, сонымен қатар әйелдері де өнеркәсіптік нысандардың құрылысында және ағаш өңдеу

жұмыстарында өте қиын жағдайларда еңбек етті. Краснодар өлкесінен Шығыс-Қазақстан облысы Зырян ауданының Подорленок ауылына отбасысымен бірге

жер аударылған Эрна Васильевна Нейман еңбек армиясына жұмылдырылғаны туралы еске алады: «Мені және менің анамды Куйбышев облысына ормандарды жинауға жіберді. Қой фермасында жұмыс істеген 16 жасар қызы Ирманың қолында үш жас баласының қалғаны анамның көзін құрғатпады, күні жылаумен өтті. Бірақ анамның көз-жасына, балалардың кішкентай болғанына ешкім қарамады. Біздің көпшілігіміздің өзі де бала едік, 15-18 жас аралығындағы қыздар едік. Бізді казармаға орналастырды, бір бөлмеде қырық адамнан тұрып жаттық. Бұл өте ауыр жұмыс болды. Жас қыздар үлкен қарағайларды кесуге мәжбүр болды. Бұл қарағайлар өте жуан, үш қыз қол ұстасып, әрен ағашты орап алатынбыз. Оларды қол арамен аралап, бұтақтарды кесіп, қажетті мөлшердегі бөренелерге кесу керек болды... Сол бөренелерді ағаш таситын көлікке қолмен тиедік. Еңбек өте ауыр болды, мұндай жұмыста ер адамдар жұмыс істеуі керек еді, бірақ бұл жұмысты жас қыздар атқардық. Бас тартуға құқығымыз болмады, өйткені бізге неміс болғанымызды кінә тақты, фашисттер деп атады... Аштықтан ғана емес, суықтан да зардап шектік. Шын мәнінде ешқандай киім берілмеді, мен өзіме қолайлы нәрседен тігуіме тура келді. Жөкеден тоқылған шабата берді, оның өзі аяқтың басына ғана жететін, өкше жағын шүберекпен орап қоятынбыз. Күпәйкенің жеңі ғана беретін, онымен балтырымызды байладық. Сол жылдардағы қатты тонғанымың кесірінен бала да туа алмадым. Аяғымнан суықтың өткені соншалықты, әлі күнге дейін өз бетімше жүре алмаймын. Санап қарасам, еңбек армиясында алты жыл бойы еңбек етіпшім (Аубакиров, 2022б: 291-292).

ШҚО аумағындағы Лениногорск (Риддер) қаласының өзінің «еңбек армиясы» болды. № 674-ші батальон 1941 жылдың қазанынан 1943 жылдың жазына дейін әрекет етті, содан кейін немістердің көп бөлігі Алтайсвиноцстройға (Өскемен қ.) жіберілді, онда олар арнайы елді мекендердің есебіне алынды. Лениногорскіде шахталарда, кейінірек құрылыс ұйымдарында жұмыс жасайтын әскерден оралған немістердің батальоны

болды. Жұмылдыру кезінде көптеген адамдар өнеркәсіп үшін орталық Ресейге жөнелтілді, 1942 жылы желтоқсанда ШҚО-дан 4163 адам еңбек армиясына жіберілді, 1943 жылдың қазан айына дейін шамамен 10 мың адам жіберілді. Соғыс басталғаннан бастап 1944 жылдың 7 желтоқсанына дейін немістердің 19,3%-ы еңбек армиясына жұмылдырылды.

1943-1944 жылдары Қазақстанға Солтүстік Кавказдан арнайы қоныс аударылғандардың келуімен еңбек резерві ұлғайды. Әділетсіз айыптауларға қарамастан, депортацияланған халықтар басқалармен тең дәрежеде өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында еңбек етіп, Ұлы Отан соғысындағы жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты. Олардың көпшілігі өндірістің өндірістік нормаларын орындады және оны асыра орындады. Мысалы, Аягөз ауданында 78 неміс стахановшы болды, 178 адам ерең еңбек еткендердің қатарына қосылды. Неміс Брихто Семей ет комбинатының жұмысшысы өндіріс нормасын 300-350%-ға орындап, айына 1500-ден 1600 сомға дейін табыс тапты, ал былғары комбинатының жұмысшысы Янц 250-300%-ға жоспар орындады (Мамырбеков, 2015: 68). Арнайы қоныс аударушылар-шешендер негізінен ЕртісгЭС, Укастра, Алтайстрой, Сибспецстрой, Өскемен кірпіш зауыттарында жұмыс істеді. Олардың арасында 200% және одан жоғары нормаларды асыра орындаған жұмысшылар болды (Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі ШҚОММ). 1П қ. 1 т. 5344 іс. 68 п.).

Сибспецстройда жұмыс істейтін Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныстанушы Хаидов Мұхмадидің бригадасы 280-300% жоспарды орындады (ШҚОММ. 1 П қ. 1 т. 5344 іс. 76 п.). Алайда арнайы қоныстанушыларды қорлау режимі жалғасып, арнайы қоныс аударушылар үшін ешқандай жеңілдіктер болған жоқ.

1944-1945 жылдар аралығында еңбекке қабілетті жастағы арнайы қоныстанған шешендер үшін әртүрлі біліктіліктер бойынша оқыту ұйымдастырылды. Нәтижесінде өндіріс аз болса да, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп саласындағы қажетті мамандармен

толықтырылды. Мысалы, Семей облысының Октябрь ауданында 135 еңбекке қабілетті шешендердің ішінен былғары өндірісі мамандықтары бойынша 69 адам жұмыс жасады, әкімшілік-шаруашылық аппаратында 2 адам, қалған 64 адам қосалқы жұмыс атқарды. Шығыс Қазақстан облысының Верх-Уба ауданында 1254 еңбекке қабілетті шешендердің 1008-і жұмысқа орналастырылды, 41 адамның кәсіби біліктілігі болды. Оның ішінде 15 тракторшы, 2 комбайнер, 6 мұғалім, 3 есепші, 1 зоотехник, 1 темір ұстасы, 6 ағаш ұстасы және 7 етікші болды (ШҚОММ. 1П қ. 1 т. 4238 іс. 4 п.).

Өскемен қаласында Солтүстік Кавказдан келген 1220 еңбекке қабілетті қоныс аударушылардың 1112-сі жұмысқа орналастырылды. Олар еңбегі негізінен кәсіпорындарда ғана пайдаланылды: ЕртісГЭС-тің құрылыс алаңында – 228 адам, УкаСтрой-да – 156 адам, Алтайстрой трестінің Жұмысшылармен жабдықтау бөлімінде – 73 адам, № 10 зауытта – 123 адам, Сибспецстройда – 50, Өскемен кірпіш зауытында – 14 қоныс аударылғандар жұмыс істеді. Арнайы қоныстанушылардың арасынан 37 адамда кәсіби біліктілігі болды. Олардың барлығы түрлі мамандықтар бойынша қызмет етті: тракторшы, есепші, ағаш ұстасы және етікші (Атантаева, Камалджанова, 2014: 103-104).

Ауыр еңбек жағдайлары, нашар тамақтану, қарапайым тұрғын үй жағдайларының болмауы мыңдаған жұмылдырылғандарды өмір сүру деңгейінің ең төменгі шегіне жеткізді. Толық статистикалық мәліметтердің болмауы соғыс жылдарында аштықтан, суықтан, аурудан және адами емес еңбек жағдайларынан қайтыс болған еңбек армиясындағы жұмысшылардың санын дәл анықтауды қиындатты.

Еңбекке жұмылдырылғандардың туыстары жоғалған туыстарына жиі іздеу салатын. Мәселен, Семей қаласының тұрғыны Реш Гертруда Генриховнаның Ішкі істер министрінің атына жазған хатында Грузия КСР-нен Шығыс Қазақстан облысының Пеструха ауылына көшіріліп жіберілген Гильда әпкесінің күйеуі – Анзельм Франц Готлибович

туралы мәлімет беру туралы өтініш бар. Ф. Анзельм сол жерден 1941 жылы Челябинь облысына, Кобейск қаласына №7/8 шахтасына еңбек әскеріне жұмылдырылып, 1944 жылға дейін өмір сүрген. Осы жылдан бастап оның туыстары Ф. Анзельм туралы ақпарат алған емес, оның тағдыры белгісіз болып қалды. Оның сұрауына тиісті органдардан Ф.Г. Анзельм туралы ақпарат жоқ деген жауап келді. Гертруда өзінің өмірбаянында оның ағасы Карл 1943 жылы Соликамск қаласындағы еңбек армиясында қайтыс болғанын көрсетеді, сондай-ақ еңбек армиясында оның әпкесі Адела жұмылдырылғанын атап өткен (Аубакиров, 2022б: 148, 152, 155).

КСРО ПМ-нің 1946 жылғы 11-ші шілдедегі бұйрығына сәйкес арнайы қоныс аударушылар ПМ лагерлерінен босатылып, режимдік шектеулерді қатаң сақтай отырып, олардың отбасыларының тұрғылықты жерлеріне жіберілді.

«Арнайы қоныс аударушылар» шаруашылықта тек әскери жағдайда ғана емес, соғыстан кейінгі уақытта да қолданылатын жұмыс күшінің едәуір контингенті болды. Мәселен, 1948 жылғы 4-ші мамырдағы Көкпекті аудандық Еңбекші депутаттар Кеңесі атқару комитеті отырысының шешімінен көшірмеде «Шұбаршы» колхозын жұмыс күшімен қамтамасыз ету туралы өтінішті қарастырылған. Ол бойынша «Шұбаршы» колхозында, әсіресе мал шаруашылығына қызмет көрсету үшін жұмыс күшінің жетіспеушілігін ескере отырып, еңбекші депутаттар аудандық кеңесінің атқару комитеті «Шұбаршы» колхозына басқа аудандардан арнайы қоныс аударылған 50 неміс отбасын жіберуді сұрайды (ҚЗТҚО. 807 қ. 1 т. 33 іс. 75 п.).

КСРО ПМ-нің 1948 жылғы 8 наурыздағы №00246 бұйрығына және КСРО ПМ-нің №193 Директивасына сәйкес ШҚО аумағында 2 режимдік кент ашылды: Күршім ауданының «Маралиха» алтын кенішінде 150 немістер отбасы үшін, ал Лениногор ауданының «Короткое» ағаш кесу учаскесінде 80-100 шешендер отбасы үшін.

КСРО Халық комиссарлары кеңесінің 1945 жылғы 8-ші қаңтардағы «Арнайы

қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы туралы» қаулысы қабылданғаннан кейін жер аударылған халықтарға қатысты өмірдің барлық жақтарын толық бақылауды көздейтін арнайы коменданттық режим белгіленді. Ішкі істер халық комиссариатының арнайы коменданттары, егер арнайы қоныс аударушылар қоныстану орындарында олар үшін белгіленген режим мен қоғамдық тәртіпті бұзса, оларға 100 рубльге дейін айыппұл немесе 5 күнге дейін қамауға алу түрінде әкімшілік жаза қолдануға құқылы болды. Өз бетімен кетіп қалу қашу болып саналды және қылмыстық жауапкершілікпен аяқталды. Арнайы қоныс аударушылар отбасында болып жатқан өзгерістер туралы (баланың дүниеге келуі, қайтыс болуы немесе отбасы мүшесінің қашып кетуі) үш күн ішінде арнайы комендатураға есеп беруге міндетті болды (Исакиева, 2016: 88).

Арнайы қоныс аударушылар сайлау құқығын бүкіл халықпен жалпы негізде пайдаланды. Бірақ олардың жеке басын куәландыратын құжаттарының болуы мүмкін емес еді. Мәселен, 1945 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне сайлау қарсаңында жергілікті атқарушы органдардың алдында сайлаушылар тізімін жасау міндеті тұрды. Семей облыстық Кеңесінің атқару комитетінің қоныс аудару бөлімінің бастығы Борисов өз баяндамасында арнайы қоныс аударушыларды (шешендер мен немістерді) сайлаушылар тізіміне қандай құжаттар негізінде енгізу керектігі туралы нұсқау беруді сұрады, өйткені көпшілігінде төлқұжаттар мен уақытша куәліктер жоқ еді (ҚЗТҚО. 807 қ. 1 т. 20 іс. 1 п.).

1948 жылдың 26-шы қарашасында «Отан соғысы кезінде Кеңес Одағының шалғай аудандарына қоныс аударған тұлғалардың міндетті және тұрақты қоныстану орындарынан қашқаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» Жарлықтың қабылдануы арнайы қоныс аударушылардың өмірін одан әрі шектеді. Алайда, бұған қарамастан, өз бетінше кету, қоныстану орындарынан шығу өте кең таралған құбылыс болды, өйткені арнайы қоныс аударушылар өздерінің экономикалық мәселелерін шешу үшін режимді бұзуға мәжбүр болды. Мысалы,

Ауыл станциясында тұратын арнайы қоныс аударушы Лаудермильх Екатерина Кондратьевна арнайы комендатураның рұқсатынсыз базарға сиыр сатуға және түскен қаражатқа азық-түлік сатып алуға өз еркімен кетті. Осы әрекеті үшін 5 тәулікке қамауға алынды (Аубакиров, 2022б: 274).

Осы заңнамалық актілерге байланысты Шығыс Қазақстан облысы аумағында 25 арнайы комендатура құрылды, 1940-шы жылдардың аяғында олардың саны 37-ге дейін өсті. Олардың бақылауында барлық «арнайы қоныс аударушылар» болды, олардың негізгі бөлігі немістер мен шешендер еді. Әрбір ересек «арнайы қоныстанушыға» есеп карточкалары ашылды (Бургарт, 1997: 112). Қоныс аударушылардың жеке істерінде адам туғаннан бастап арнайы қоныстан босатылғанға дейін толық ақпарат болды. Іс арнайы қоныста қуғын-сүргінге ұшыраған адамның бүкіл кезеңіне жүргізілді. ПМ-нің нұсқауларында көрсетілгендерден басқа, қоныс аударушының жеке басына қатысты басқа да құжаттар, соның ішінде ресми органдармен, арнайы комендатурамен хат алмасу, соның ішінде қоныстану режимінің түрлі бұзушылықтары бойынша түсіндірмелер, өтініштер, шағымдар, басқа жерге кетуге, көшуге рұқсаттар және т.б. сақталды (Арапханова, 2022: 131).

1949 жылғы 7-ші ақпанда жүргізілген қайта есепке алу деректері бойынша Шығыс Қазақстан облысында 40 371, ал Семей облысында 51 116 арнайы қоныс аударушы болған. Олардың көпшілігі немістер болды. Мысалы, Күршім ауданында 1440 арнайы қоныс аударушының 1344-і неміс ұлтының өкілдері болды. Шемонаиха ауданында 5291 арнайы қоныс аударушы тіркелген, олардың ішінде 3487 неміс, 1804 шешен (Мамырбеков, 2015: 72, 74, 75).

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1951 жылғы 9-шы қазандағы Жарлығына сәйкес, соғыс жылдарында Қазақстан мен Орта Азияға арнайы қоныстануға жіберілген халықтар «оларды бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтару құқығынсыз мәңгілікке» көшірілді. Бұл туралы әр арнайы қоныстанушыға қолхат арқылы хабарланды.

И.Сталин қайтыс болғаннан кейін облыстағы «арнайы қоныстанушылардың» өміріне кейбір өзгерістер енгізген жеке өкімдер қабылданды. 1953 жылы 27-ші наурызда ШҚО ПМБ-ның бастығына КСРО ПМ-нің «отбасыларды біріктіру және артық хат алмасуды қысқарту туралы шағымдар мен өтініштерді жедел қарау мақсатында облыстың ПМБ-ның бастығына республика ішінде, сондай-ақ одан тыс жерлерде жер аударылған, жер аударылған арнайы қоныстанушыларды бірігуі туралы мәселені дербес шешуге құқық береді» өкімі жолданды (Аубакиров, 2022а: 99).

Мысалы, Үржар МҚМБ-ның бастығы Зайцев жоғары тұрған органдарға арнайы қоныс аударылған неміс Янорт Наталья Родионовна туралы баяндап, оны Свердлов облысында тұратын туыстарына қашуға бейім деп сипаттады. Бұған жауап ретінде Н. Янорт тарапынан қашуға жол бермеу мақсатында ҚазКСР МҚМ алдында өтініш қозғау үшін оның туыстарымен қосылу үшін материалдарды ресімдеу туралы директива алынды (Аубакиров, 2022а: 399).

1950-шы жылдардың ортасында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы арнайы қоныс аударушылардың құқықтық жағдайындағы шектеулерді алып тастау туралы бірқатар жарлықтар шығарды. 1954 жылы 5 шілдеде «Арнайы қоныс аударушылардың құқықтық жағдайындағы кейбір шектеулерді алып тастау туралы» қаулы шықты, оған сәйкес 16 жасқа толмаған арнайы қоныс аударушылардың балалары және оқу орындарында оқитын 16 жастан асқан балалар есептен шығарылды. 1955 жылдың наурыз айында арнайы қоныс аударушыларға төлқұжат беруге рұқсат етілді. 1955 жылғы 13-ші желтоқсандағы Жарлық немістерден құқықтық шектеулерді алып тастады, бірақ бұрынғы тұрғылықты жеріне оралу және тәркіленген мүлікті қайтару құқығы әлі де болса берілмеді. 1956 жылы

16 шілдеде шешендер мен ингуштарды арнайы қоныстардың есебінен шығару туралы жарлық қабылданды, алайда есептен шығару көшіру кезінде тәркіленген мүліктің қайтарылуына кепілдік берілмеді. Осылайша, бұл қаулылар екіұшты болды және күштеп қоныс аудару саясатына күмән келтіртпеді, жер аударылған халықтардан жалған айыптар алынып тасталмады, арнайы қоныс аударушылар әлі де тарихи отанына оралуға құқылы емес еді.

Қорытынды

Халықтарды Қазақстан аумағына, оның ішінде шығыс өңіріне депортациялау, оларды аудандар бойынша орналастыру, жергілікті жерлерде қабылдау, материалдық-тұрмыстық жағдайы, еңбек армиясына жұмылдыру туралы мұрағаттық дереккөздер мен ғылыми еңбектерді талдау этностарды күштеп қоныстандырудың негізінде саяси сипаттағы себептер жатыр деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Депортация туралы нормативтік және заңнамалық актілер конституциялық принциптерге қайшы келді, жалпы халықтардың да, олардың азаматтарының басым бөлігінің де құқықтарын бұзды. Халықтарды күштеп көшіру құқықтық қорғансыздықтың көрсеткіші болды, адам құқықтарының өрескел бұзылуымен сипатталды және тоталитарлық режимді нығайту құралдарының бірі болды. Арнайы қоныс аударушылардың еркін жүріп-тұру құқығынан бастап басқа да азаматтық құқықтары шектегілді, өздерінің ұлттық бірегейлігін, ана тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау мүмкіндігінен айырылды. Арнайы қоныс аударушылардың құқықтары декларативті сипатта болды, себебі арнайы қоныстану орындарындағы олардың құқықтарына деген шектеулер барлық азаматтық құқықтарды жоққа шығарды.

Мақала IRN 15473239 нөмірлі «Шығыс Қазақстан территориясындағы депортация үдерісі және оның тарихи жадтағы көрінісі (1937-1956 жж.)» жобасының аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

Аблажей Н.Н. Кампания внутренней передислокации спецпоселенцев в Казахской ССР в начале 1950-х гг.: нереализованная директива / Международная научно-практическая конференция «Знать, чтобы не забыть: тоталитарная власть и народ в 20 – начале 50-х годов XX века». – Усть-Каменогорск, 2014. – С. 37-48.

Арапханова Л.Я. Личное дело высленца – исторический источник по изучению режима спецпоселения // Новейшая история России. – Т.12. №1. – 2022. – С. 127-144.

Атангаева Б.Ж., Камалджанова Т.А. Этнические диаспоры Восточного Казахстана в 1937-2005 гг. (социально-демографический и культурный аспект). – Семей, 2014. – 256 с.

Аубакиров А.А. Письма в никуда. Диалоги о прошлом. – Усть-Каменогорск: Издательство ТОО «ВКПК АРГО», 2022 – 204 с.

Аубакиров А.А. Дело №... О чем говорят архивы. – Усть-Каменогорск: Издательство ТОО «ВКПК АРГО», 2022 – 512 с.

Бургарт Л.А. Немцы в Восточном Казахстане в 1941-1956 гг.: депортация и жизнь в условиях спецпоселения. – Усть-Каменогорск: Интеллект, 1997. – 251 с.

Герман А.А., Курочкин А.Н. Немцы СССР в «Трудовой армии» (1941-1945). – М.: Готика, 1998. – 208 с.

Жанбосинова А.С. Прошу снять с меня незаслуженное клеймо 58-й статьи: эго-документы в истории политического террора в Казахстане. – Семей: «Интеллект», 2020. – 580 с.

Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг. Сборник документов. Т. 3. – Алматы: LEM, 2019. – 708 с.

Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.): Сб. документов / Архив Президента Республики Казахстан. – 2 изд. – Алматы – Москва: Готика, 2000. – 376 с.

Исакиева З.С. Правовое положение чеченцев, депортированных в Центральный Казахстан в 1940-е гг. // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота. – № 6. Ч. 2. – 2016.- С. 87-90. // https://www.gramota.net/articles/issn_1997-292X_2016_6-2_21.pdf.

История российских немцев. // Электронный ресурс <https://geschichte.rusdeutsch.ru/21/63> (дата обращения: 16.02.2023).

Казбекова А.Т. Хозяйственно-бытовое обустройство спецпереселенцев-чеченцев в Зырянском районе Восточно-Казахстанской области // Вестник КазНПУ. «Исторические и социально-политические науки». – №3(66). – 2020. – С. 70-78.

Казбекова А.Т. Из истории депортации чеченцев (по материалам Восточно-Казахстанской области) // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – №3 (50). – 2016. – С.54-58.

Мамырбеков А.М. Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихы (XX ғ.). – Семей: «Pro100Print», 2015. – 192 б.

О работе в трудармии в годы войны. За страницами архивных документов // Электронный ресурс. URL: <http://e-arhiv.vko.gov.kz/ru/Page/Index/1919/zirian> (дата обращения: 11.03.2023).

Полян П.М. Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР. – М.: О.Г.И. – Мемориал, 2001. – 326 с.

Рифель Л.П. Скорбь и горечь целого народа... (депортация населения с Северного Кавказа по материалам ГАВКО) // Международная научно-практическая конференция «Знать, чтобы не забыть: тоталитарная власть и народ в 20 – начале 50-х годов XX века». – Оскемен, 2014. – С. 420-430.

**Гүлмира А. Жанқадамова, Раушан Д. Ахметова,
Гүльнур А. Абенова**

Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан

Депортированные народы Восточного Казахстана в условиях режима спецпоселения

Аннотация. Исследование проблем принудительного переселения народов СССР в 40-е годы XX века на примере немецкого и чеченского народов, их проживания в местах спецпоселений на территории Восточного Казахстана, правовое положение депортированных народов представляет

собой актуальную историческую задачу. Целью статьи является раскрытие процесса депортации и проживания в условиях спецпоселений депортированных этносов в период войны и в послевоенное время в восточном регионе Казахстана. Особое внимание уделено условиям расселения и проживания спецпоселенцев, проблеме их материально-бытового обеспечения. Рассматривается формирование из спецпоселенцев так называемой «трудовой армии», где они находились на правах заключенных, использовавшихся государством в военное время в качестве мобильной и дешевой рабочей силы. Анализируется реализация прав и свобод человека применительно к контингенту спецпоселений. В качестве источников авторами изучены документы архивного фонда Центра документации новейшей истории области Абай (ЦДНИ) и Государственного архива Восточно-Казахстанской области (ГАВКО), что позволило расширить аспекты исследования жизни депортированного населения в условиях системы спецпоселения.

Ключевые слова: депортация; репрессии; немцы; чеченцы; спецпереселенцы; мобилизация; трудовая армия; спецпоселение.

**Gulmira A. Zhankadamova, Raushan D. Akhmetova,
Gulnur A. Abenova**

Shakarim University, Semey, Kazakhstan

Deported peoples of East Kazakhstan under conditions of special settlement regime

Abstract. Studying the issues of forced resettlement of peoples in the USSR in the 1940s, using the example of the German and Chechen populations, their habitation in special settlement areas in the territory of Eastern Kazakhstan, and the legal status of the deported peoples, represents a pertinent historical task. The aim of the article is to elucidate the process of deportation and living conditions of the deported ethnic groups during the wartime and post-war periods in the eastern region of Kazakhstan. Special attention is given to the analysis of the resettlement and living conditions of the special settlers, as well as the issue of their material provision. The article studies formation of a so-called 'labor army' from the special settlers, where they were treated as prisoners and utilized by the state during wartime as a mobile and inexpensive workforce. The authors give an analysis of the implementation of human rights and freedoms within the context of the special settlement population and examine the documents of Documentation Center of the Modern History of Abai Region and the State Archive of the East Kazakhstan Region, which allowed for the expansion of the research aspects related to the lives of the deported population within the special settlement system.

Keywords: deportation; repression; Germans; Chechens; special settlers; mobilization; labor army; special settlement.

References

Ablazhej N.N. Kampanija vnutrennej peredislokacii spetsposelentsev v Kazahskoj SSR v nachale 1950-h gg.: nerealizovannaja direktiva [The campaign of internal redeployment of special settlers in the Kazakh SSR in the early 1950s: an unimplemented directive] (Ust-Kamenogorsk, 2014. – pp. 37-48) [in Russian].

Araphanova L.Ja. Lichnoe delo vyselentsa – istoricheskij istochnik po izucheniju rezhima spetsposelenija. [Personal Files of the Expelled – A Source for the Research on the Special Settlement Regime]. Modern History of Russia, 2022. Vol.12, No.1, P.127–144 [in Russian].

Atantaeva B.Zh., Kamaldzhanova T.A. Jetnicheskije diasporij Vostochnogo Kazahstana v 1937-2005 gg. (social'no-demograficheskij i kul'turnyj aspekt) [Ethnic diaspora of Eastern Kazakhstan in 1937-2005 (socio-demographic and cultural aspect)] (Semey, 2014. – 256 p.) [in Russian].

Aubakirov A.A. Pis'ma v nikuda. Dialogi o proshlom [Letters to Nowhere. Dialogue about the Past] (Ust-Kamenogorsk: Izdatelstvo TOO "VKPK ARGO", 2022 – 204 p.) [in Russian].

Aubakirov A.A. Delo №... O chem govoryat arhivy [Case number... The things archives talk about] (Ust-Kamenogorsk: Izdatelstvo TOO "VKPK ARGO", 2022 – 512 p.) [in Russian].

Burgart L.A. Nemcy v Vostochnom Kazahstane v 1941-1956 gg.: deportacija i zhizn' v uslovijah spetsposelenija [Germans in East Kazakhstan in 1941-1956: deportation and life in special settlement conditions] (Ust-Kamenogorsk: Intellect, 1997. – 251 p.) [in Russian].

German A.A., Kurochkin A.N. Nemcy SSSR v «Trudovoj armii» (1941-1945) [USSR Germans in 'Labor Army'] (M.: Gothic, 1998. – 208 p.) [in Russian].

Zhanbossinova A.S. Proshu snjat' s menja nezasluzhennoe klejmo 58-j stat'i: jeho-dokumenty v istorii politicheskogo terrora v Kazahstane [Please remove from me the undeserved stigma of Article 58: ego-documents in the history of political terror in Kazakhstan] (Semey: "Intellect", 2020. – 580 p.) [in Russian].

Iz istorii deportatsii. Kazakhstan. Sbornik dokumentov. V 3-kh t. Tom 3. 1939–1945 gg. [From the history of deportations. Kazakhstan. Collection of documents. In 3 vols. Volume 3. 1939-1945.] (Almaty: LEM, 2018, 712 p.) [in Russian].

Iz istorii nemcev Kazahstana (1921-1975 gg.): Sb.dokumentov / Arhiv Prezidenta Respubliki Kazahstan [Iz istorii nemtsev Kazahstan (1921-1975)] (Almaty – Moscow: Gothic, 2000. – 376 p.) [in Russian].

Isakieva Z.S. Pravovoe polozhenie chehencev, deportirovannyh v Central'nyj Kazahstan v 1940-e gg. [Legal status of Chechens deported to Central Kazakhstan in 1940]. Istoricheskie, filosofskie, politicheskie i juridicheskie nauki, kul'turologija i iskusstvovedenie. Voprosy teorii i praktiki // Jelektronnyj resurs. Available at: URL: https://www.gramota.net/articles/issn_1997-292X_2016_6-2_21.pdf

Istorija rossijskih nemcev [History of Russian Germans] // Jelektronnyj resurs. Available at: URL: <https://geschichte.rusdeutsch.ru/21/63> (accessed: 16.02.2023) [in Russian].

Kazbekova A.T. Hozjajstvenno-bytovoe obustrojstvo specpereselencev-chehencev v Zyrjanovskom rajone Vostochno-Kazahstanskoj oblasti. [Economic and household arrangement of special settlers-chechens in Zyryanov District of East Kazakhstan Region]. Vestnik KAZNPU. «Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki», 2020. No3(66). P. 70-78 [in Russian].

Kazbekova A.T. Iz istorii deportacii chehencev (po materialam Vostochno-Kazahstanskoj oblasti). [From the history of deportation of chechen people (according to the materials of East Kazakhstan Oblast). Vestnik KAZNPU. «Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki», 2016. No3(50). P. 54-58 [in Russian].

Mamyrbekov A.M. Shygys Qazaqstandagy nemis zhane poljak diasporalarynyn tarihy (XX ғ.) [History of the German and Polish diasporas in East Kazakhstan (XX century)] (Semey: "Pro100Print", 2015. – 192 p.) [in Kazakh]

O rabote v trudarmii v gody vojny. Za stranicami arhivnyh dokumentov [He worked in the labor army during the war. Behind the pages of archival documents] // Jelektronnyj resurs. Available at: URL: <http://e-arhiv.vko.gov.kz/ru/Page/Index/1919/zirian> (accessed: 11.02.2023) [in Russian].

Polyan P. Ne po svoei vole. Istoriia i geografiia prinuditelnykh migratsii v SSSR [Not by choice. History and geography of forced migrations in the USSR] (Moskva: OGI-Memorial, 2001. – 274 p.) [in Russian].

Rifel' L.P. Skorbu' i gorech' celogo naroda... (deportacija naselenija s Severnogo Kavkaza po materialam GAVKO) [Sorrow and bitterness of the whole nation... (deportation of the population from the North Caucasus according to GAVKO materials)] (Ust-Kamenogorsk, 2014. – pp. 420-430) [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Жанқадарова Гүлмира Ақиқатқызы – ғылыми қызметті басқару бөлімінің ғылыми қызметкері, Шәкәрім атындағы университет, Семей, Қазақстан.

Ахметова Раушан Дюсенбекқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Абенова Гүлнур Атымтайқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Zhankadarmova Gulmira A. – Researcher, Department of Scientific Activity Management, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Akhmetova Raushan D. – Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Abenova Gulnur A. – Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.